

«БЕКІТЕМІН»

«Қазақстан шахмат федерациясы»

РҚБ атқарушы директоры

Даулетова Г. Б.

2026 жыл.



**ШАХМАТТАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Тараз қ., 2026 жыл

1. Мақсаттары мен міндеттері

1.1. Шахматтан Қазақстан Республикасының жартылай финалы (бұдан әрі – Турнир) келесі мақсаттарда өткізіледі:

- а) Қазақстан Республикасы чемпионатының финалына қатысушыларды анықтау;
- ә) салауатты өмір салтын насихаттау;
- б) Жамбыл облысында шахматты дамыту;
- в) шахматшылардың спорттық шеберлігін арттыру.

2. Өткізілу мерзімі мен орны

2.1. Жарыс Тараз қаласында 2026 жылғы **28 ақпан** (келу күні) мен **7 наурыз** (кету күні) аралығында мына мекенжай бойынша өткізіледі: «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» КММ (Төле би к-сі 18/6, «Шахристан»).

3. Жарыстың өткізілуіне басшылық жасау

3.1. Жарысты өткізуге жауапкершілік «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ-на (бұдан әрі – ҚШФ), ҚШФ-ның Жамбыл облысы бойынша филиалына және төрешілер алқасына жүктеледі.

4. Жарысқа қатысушылар

4.1. Турнир екі бөлек жарысқа бөлінеді: ерлер мен әйелдер арасындағы («Опен» турнирі) және әйелдер арасындағы жарыс.

4.2. Келесі қатысушылар турнирлік жарна төлеуден босатылады:

4.2.1. соңғы аяқталған циклдегі (2025 ж. немесе ресми хаттама болған жағдайда 2026 ж.) облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар чемпионаттарының жүлдегерлері (1-3 орын);

4.2.2. ерлер мен әйелдер арасындағы 2025 жылғы ҚР жартылай финалының жүлдегерлері (1-3 орын);

4.2.3. 01.02.2026 ж. жағдай бойынша ФИДЕ рейтингі бар шахматшылар: Опен секциясында – 2000 және одан жоғары, Әйелдер секциясында – 1800 және одан жоғары;

4.2.4. 2026 жылғы жасөспірімдер мен қыздар (8-18 жас) арасындағы ҚР чемпионатының қазіргі чемпиондары (1 орын) және 20 жасқа дейінгі жүлдегерлер (1-3 орын);

4.2.5. ұйымдастырушылардың номинациясы бойынша – Жамбыл облысынан 6 (алты) қатысушыға дейін;

4.2.6. ардагерлер (1963 ж.т. және одан үлкен ерлер мен әйелдер). Жеңілдік алу үшін жеке куәлікті көрсету қажет;

4.2.7. мүмкіндігі шектеулі тұлғалар (I және II топтағы мүгедектігі барлар).

Ескерту: Турнирге тек 4.2.1 – 4.2.7 тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі. Жарна төлеу бойынша жеңілдіктер мандаттық комиссияға растаушы құжаттың түпнұсқасы (жеке куәлік, зейнеткерлік куәлік немесе белгіленген үлгідегі мүгедектігі туралы анықтама) ұсынылған жағдайда ғана беріледі.

4.3. Әйелдердің «Опен» турниріне қатысуға құқығы бар.

4.4. 4.2-тармақтың санаттарына кірмейтін, қалған барлық қатысушылар (**1-ші разрядтан төмен емес**) турнирлік жарна төлеген жағдайда жарысқа жіберіледі.

5. Тіркеу және қатысу шарттары

5.1. Турнирге қатысу үшін 2026 жылғы 28 ақпанға дейін kazchess.kz сайтында алдын ала тіркеуден өту қажет. Ресми қатысушылардың (4.2.1-тармаққа сәйкес) өтінімдері облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың аға жаттықтырушылары арқылы беріледі. Қосымша қатысушылар ҚШФ өңірлік филиалының рұқсаты болған жағдайда өз бетінше тіркеле алады.

5.2. Медициналық рұқсат (міндетті шарт): ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрбір қатысушы жарысқа жіберілгені туралы медициналық анықтаманың түпнұсқасын (дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінен немесе медициналық мекеме мөрі бар терапевттен) ұсынуға міндетті.

5.2.1. Анықтама тіркеу кезінде мандаттық комиссияға тапсырылады.

5.2.2. Анықтама ұсынбаған қатысушылар Турнирге жіберілмейді.

5.2.3. Жарыс барысында денсаулығына жауапкершілік қатысушылардың өзіне жүктеледі.

5.3. **Аккредитация (мандаттық комиссия):** 2026 жылғы 28 ақпанда сағат 12:00-ден 19:00-ге дейін жарыс өтетін жерде өткізіледі. Қатысушылар жеке куәлігін (немесе туу туралы куәлігін) және турнирлік жарнаның түбіртегінің түпнұсқасын (қажет болған жағдайда) ұсынуы тиіс.

5.4. Турнирлік жарнадан босатылмаған қатысушылар (4.2-тармаққа сәйкес) 35 000 (отыз бес мың) теңге мөлшерінде жарна төлейді

5.4.1. Жарна ҚШФ-ның ресми порталы арқылы онлайн төленеді: <https://kazchess.kz/pay>. Төлем кезінде қатысушының ТАӘ және турнир атауы көрсетілуі тиіс.

5.4.2. Турнирлік жарна қайтарылмайды.

5.5. Қатысушының тіркелуінің соңғы растауы – www.chess-results.com сайтындағы бастапқы тізімде болуы. Ұйымдастырушылар қатысушыларға өз деректерін өздігінен тексеруді ұсынады.

5.6. Тіркеу аяқталғаннан кейін Турнирге қатысудан бас тартқан жағдайда, төленген жарна қайтарылмайды.

5.7. Қорытынды тіркеу: 2026 жылғы 28 ақпан, 12:00–19:00. Белгіленген мерзімде тіркеуден өтпеген қатысушы 1-турдың жеребесіне енгізілмейді (Ұйымдастыру комитетінің ерекше жағдайлардағы шешімдерін қоспағанда).

5.8. Қатысушылар санының лимиті – 250 адам (екі жарыс бойынша жалпы). Лимитке жеткен жағдайда Ұйымдастырушы өтінім қабылдауды мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Ертерек тіркелген қатысушыларға басымдық беріледі.

6. Бағдарлама және жарыстың техникалық шарттары

6.1. Жарыс ФИДЕ рейтингін есептей отырып, ФИДЕ ережелері бойынша швейцариялық жүйемен 9 (тоғыз) турдан өткізіледі.

6.2. Турнирдің жеребесі Swiss Manager лицензиялық бағдарламалық жасақтамасын пайдалана отырып, автоматты режимде өткізіледі.

6.3. Уақыт бақылауы: әр ойыншыға бүкіл партияға 60 (алпыс) минут және бірінші жүрістен бастап әрбір жасалған жүріс үшін 30 (отыз) секунд қосылып отырады.

6.4. Кешігудің рұқсат етілген уақыты: сағат іске қосылғаннан кейін турға 30 (отыз) минуттан астам кешіккен қатысушыға жеңіліс есептеледі. Оның қарсыласына жеңіс беріледі (ФИДЕ ережелерінде көзделген жағдайларды қоспағанда).

6.5. Партияларды жазу: ойын аяқталғанға дейін барлық қатысушылар үшін партияларды жазып отыру міндетті.

7. Жарысты өткізу регламенті (Кесте)

7.1. Турлар кестесі (кесте Қазақстан шахмат федерациясының Ұйымдастыру комитетімен түзетілуі мүмкін)

Күні	Уақыты	Іс-шара
28.02.2026	Күні бойы	Келу күні
	12:00 – 19:00	Қатысушыларды аккредиттеу
	19:30	Техникалық кеңес
01.03.2026	14:00 – 14:45	Ресми ашылу салтанаты
	15:00 – 19:00	1-тур
02.03.2026	10:00 – 14:00	2-тур
	15:30 – 19:00	3-тур
03.03.2026	10:00 – 14:00	4-тур
	15:30 – 19:00	5-тур
04.03.2026	10:00 – 14:00	6-тур
		7-тур
05.03.2026	15:30 – 19:00	8-тур
06.03.2026	10:00 – 14:00	9-тур
	16:00	Ресми жабылу салтанаты
07.03.2026	Күні бойы	Кету күні

8. Жеңімпаздарды анықтау

8.1. Жарыс жеңімпаздары жинаған ұпайларының ең көп саны бойынша анықталады.

8.2. Екі немесе одан да көп қатысушының ұпайлары тең болған жағдайда, орындар келесі қосымша көрсеткіштер бойынша анықталады (басымдық тәртібімен):

- а) Бухгольцтің қысқартылған коэффициенті (ең нашар бір нәтижені есептемегенде);
- б) Бухгольц коэффициенті;
- в) өзара кездесу;
- г) жеңістердің ең көп саны.

8.3. Ақшалай сыйлықтарды төлеу тек жүлдегердің банктік деректемелеріне қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

8.4. Сыйлықты өз шотына алу мүмкін болмаған жағдайда (шоттардың бұғатталуы, картаның болмауы), жүлдегер ақшалай қаражатты үшінші тұлғаның алу құқығына нотариалды куәландырылған сенімхат ұсынуға міндетті.

9. Марапаттау

9.1. Әр секцияда («Опен» және «Әйелдер») 1, 2 және 3-орын алған қатысушылар дипломдармен, медальдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

9.2. Финалға шығу: әр секцияда 1, 2 және 3-орын алған шахматшылар 2026 жылғы Қазақстан Республикасы чемпионатының Финалына қатысу құқығын иеленеді.

9.3. Турнирдің сыйлық қоры 3 300 000 (үш миллион үш жүз мың) теңгені құрайды. Сыйлықтарды бөлу (әр секцияға 1 650 000 теңгеден):

1-орын — 750 000 тг.

2-орын — 550 000 тг.

3-орын — 350 000 тг.

9.4. Төлеу тәртібі: ақшалай сыйлықтарды төлеуді «ҚШФ» РҚБ Турнир аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүлдегерлердің банктік шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

9.5. ҚР Салық кодексіне сәйкес, сыйлық сомасынан төлем көзінен жеке табыс салығы (ЖТС) ұсталады.

10. Жарысты өткізу бойынша шығыстар

10.1. Қазақстан шахмат федерациясы жарысты өткізу бойынша келесі шығыстарды өтейді:

- 3 300 000 теңге мөлшеріндегі сыйлық қорын қамтамасыз ету;
- төрешілер алқасының жұмысына ақы төлеу.

10.2. ҚШФ-ның Жамбыл облысы бойынша филиалы келесі шығыстар мен міндеттемелерді мойнына алады:

- ФИДЕ талаптарына сәйкес келетін ойын алаңын ұсыну;
- еріктілердің жұмысын қамтамасыз ету;
- қатысушыларды грамоталармен және медальдармен қамтамасыз ету;
- полиграфиялық өнімдерді дайындау;
- баннерлерді дайындау және орналастыру;
- жарысты медициналық сүйемелдеу;
- қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;
- турнирді ақпараттық қолдау және сүйемелдеу;
- жарыстың ашылу және жабылу салтанаттарын ұйымдастыру және өткізу;
- қатысушыларды жеңіл тағамдармен және сусындармен (шай, ауыз су, кондитерлік өнімдер) ыстық тамақ бермей қамтамасыз ету.

10.3. Қатысушылардың жол жүру (ұшу) және тұру шығыстарын іссапарға жіберуші ұйымдар өтейді.

11. Апелляциялық комитет

11.1. Турнир басталғанға дейін 3 (үш) негізгі мүшеден және 2 (екі) қосалқы мүшеден тұратын Апелляциялық комитет (АК) сайланады.

11.2. Бас төрешінің шешіміне наразылық (протест) АК-ға партия аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) минуттан кешіктірілмей жазбаша түрде беріледі.

11.3. Наразылық білдіру кезінде қатысушы 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде кепілдік жарнасын төлеуге міндетті. Наразылық қанағаттандырылған жағдайда жарна қайтарылады. Егер наразылық қабылданбаса, жарна Ұйымдастырушының пайдасына ұсталады.

11.4. Апелляциялық комитеттің шешімі түпкілікті болып табылады.

12. Этика және бейнелерді пайдалану

12.1. Турнирге қатысушылар, жаттықтырушылар, ілеспе тұлғалар спорттық этика нормаларын сақтауға, қарсыластарына, төрешілерге және көрермендерге құрмет көрсетуге міндетті. ҚР Азаматтық-әкімшілік кодексінде көзделген қоғамдық

орындарда мінез-құлық ережелерін бұзған жағдайда қатысушыға ескерту жасалады. Қайталап бұзған жағдайда қатысушы турнирден шығарылады немесе Турнир өткізілетін жерге келуге тыйым салынады (жаттықтырушылар, ілеспе тұлғалар).

12.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабына, 145-бабына сәйкес, Турнирге қатыса отырып, Қатысушы (ал кәмелетке толмаған жағдайда — оның заңды өкілі) төмендегілерге сөзсіз және бұлжытсыз келісімін білдіреді:

- ұйымдастырушының Турнирге қатысу процесіне байланысты дербес деректерді өңдеуіне, соның ішінде жинауға, жүйелеуге, сақтауға және пайдалануға;
- қатысушының есімін пайдалануға, Жарысты өткізу нәтижесінде алынған, Қатысушы бейнеленген оның бейнесін, аудио-, видео- және фотоматериалдарды жариялауға, қайта шығаруға және таратуға;
- аталған материалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен пайдалану мерзімі мен аумағына шектеусіз пайдалануға, соның ішінде материалдарды редакциялау және оларды үшінші тұлғаларға беру құқығына.

12.3. Осы келісімді Қатысушы өтеусіз негізде белгісіз мерзімге береді. Қатысушы (немесе оның өкілі) аталған материалдарды пайдаланғаны үшін Ұйымдастырушыдан қандай да бір нысанда өтемақы талап етуге құқылы емес.

12.4. Ұйымдастырушы Турнирдің Қатысушының эстетикалық немесе өзге де күтулеріне сәйкес келмеуі үшін жауапты болмайды.

13. Античитерлік шаралар және тәртіптік бақылау

13.1. Турнир өткізу барысында ҚШФ Төрешілер-біліктілік комиссиясы тағайындаған Античитерлік комиссия жұмыс істейді. Өз қызметінде комиссия ФИДЕ ережелерін және ҚШФ Античитерлік ережелерін басшылыққа алады.

13.2. Партия кезінде кез келген түрдегі сыбыс беруді (читерлік) қолдану, электрондық құрылғыларды немесе өзге де қосалқы құралдарды пайдалану бұзушыны Турнирден дереу шығаруға әкеп соғады. Мұндай ойыншының барлық партияларының нәтижелері жойылады. Читерлік фактілері бойынша комиссияның шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

13.3. **Электрондық құрылғыларға тыйым салу:** қатысушыларға ойын залында кез келген байланыс құралдарын және электрондық құрылғыларды (соның ішінде ұялы телефондарды, смартфондарды, смарт-сағаттарды, электрондық білезіктерді, құлаққаптарды, бірақ олармен шектелмей) өзімен бірге ұстауға қатаң тыйым салынады. **13.3.1.** Бұл тыйым құрылғының қосулы немесе өшірулі екеніне қарамастан қолданылады. **13.3.2.** Тур барысында ойыншыда жоғарыда аталған құрылғылардың кез келгенінің болуы ағымдағы партияда дереу жеңіліс есептеуге әкеп соғады.

13.4. **Тексеру процедурасы:** төрешілер мен Античитерлік комиссия мүшелері техникалық құралдарды (металл іздегіштер және т.б.) пайдалана отырып, қатысушыларды ішінара немесе толық тексеруден өткізуге құқылы. Тексеруден өтуден бас тарту бұзушылық фактісін мойындаумен теңестіріледі және дереу дисквалификацияға әкеп соғады.

13.5. **Тәртіптік санкциялар:** адал ойын принциптерін бұзғаны (читерлік) үшін айыпталған ойыншы 1 (бір) жыл мерзімге дисквалификациялануға және ҚШФ аясында өткізілетін барлық ресми жарыстарға (офлайн және онлайн форматтарды

қоса алғанда) қатысу құқығынан айырылуға жатады. Бұзушылық туралы мәліметтер ФИДЕ Этика жөніндегі комиссиясына беріледі.

13.6. Ұйымдастырушы қатысушылардың ойын аймағынан тыс жерде қалдырған немесе сақтауға тапсырған электрондық құрылғыларының сақталуына жауапты болмайды.

14. Қорытынды ережелер

14.1. Ұйымдастыру комитеті осы Регламентке өзгерістер енгізуге құқылы.

Байланыс телефондары:

<i>Турнирдің директоры</i>	Утеулиев Алибек Кеулимжаевич	8 747 311 66 55
<i>Бас төреші</i>	Ким Сергей Евгеньевич	8 777 645 63 83
<i>Хатшы</i>	Мезенцев Иван Александрович	8 705 152 48 48

Осы ереже жарысқа ресми шақыру болып табылады.